

«Нұр-Жібек» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

Педагогикалық кеңес

2022-2023 жыл

«Нұр-Жібек» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

ХАТТАМА-1

Жетісай қаласы

26.08.2022ж

Педагогикалық кеңес жөніндегі комиссияның отырысы

Төрайымы - Дүйсембек Фарида Әкімқызы

Хатшы – Кулбекова Лаззат Абдижапбаровна

Қатысқандар: 14 адам (тізім қоса беріліп отыр)

Тақырыбы: «2022-2023» оқу жылына тәрбие –білім беру үдерісін ұйымдастыру.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау туралы
2. Жазғы-сауықтыру жұмыстарын талдау.
3. Қ.Р Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 3 тамызындағы №348 бұйрығына 1-қосымша
4. Жас мамандарға тәлімгерлер бекіту.
5. «Жаңа оқу жылына топтар мен алаңдардың дайын болуы» байқау – конкурсының қорытындысы.
6. Келесі педкеңеске тапсырма.

1. ТЫНДАЛДЫ. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі Ф.Дүйсембек сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды, Іәдіскер, Імузыка жетекшісі, психолог, 8топтың тәрбиешілері. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топа жұмыс атқаратынын айтып өтті. Ең үлкен мәселенің бірі –жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер, жаңа оқу іс әрекеті қосылғанын ерекше айтып, бұйрықтармен таныстырды.

Балабақша әдіскері Кулбекова Лаззат сөз алды. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамына бір жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2022-2023 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, материалдарын өз уақытында құжаттарды жинап отыратындығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде балабақша тәрбиешісі Серікбай Ажарды ұсынды.

2.Екінші мәселе бойынша меңгеруші Ф.Дүйсембек жазғы-сауықтыру жұмыстарына тоқталып өтті: Тәрбиешілер жаздық ұйымдастырылған оқу қызмет кестесімен жұмыстарын жасады. Балабақша медбикесі балалармен жазғы сауықтыру іс-шараларын жүргізді. Балалармен тәрбиешілер әр түрлі қызықты эстафеталық

ойындар ойнатты. «Шынықсаң шымыр боласың»-деген тақырыпта ересектер топ арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылды.Қуыршақ театрлары шақырылып балаларға сүйікті ертегілерін сахналап көрсетіліп отырылды.

3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер Кулбекова Лаззат сөз алып тәрбиешілерді жаңа оқу жылындағы өзгерістермен таныстырды Қ.Р Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жыл 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша. Тәрбиешілерге Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты туралы жалпы түсінік беріп өтті.**Бағдарламаның мақсаты:** әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. **Бағдарламаның міндеті:** мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау баланың даралығы, дамытушы заттық-кеңістікті ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік шығармашылық дағдыларын зертеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын қалыптастыру, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отаншылдыққа тәрбиелеу. Балалардың күнделікті кітаптарды өздігінен қарауға, ондағы таныс шығармаларды бір бірімен талдауға мүмкіндік беру, күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру.Кітап бұрышы балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға ықпал етеді. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен ойнатуға болады. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар»санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес серуендер ауа-райы жағдайы ескеріле отырып, күн сайын жүзеге асырылады. Үлгілік бағдарламаны іске асыру жағдайында ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар белгіленген.

4.Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ф.Дүйсембек жас мамандарға тәлімгерлер бекіту туралы айтты. Балабақшамызда жас мамандар бар оларға балабақшаның жаңа технологиялық әдіс тәсілдерді қалай қолдану керек екенін түсіндіру жұмысын балабақша әдіскері Л.Кулбековаға жүктеймін.

5.Бесінші мәселе бойынша әдіскер Л.Кулбекова тоқталып өтті: «Жаңа оқу жылына топтар мен алаңдардың дайын болуы» байқау –конкурысының қорытындысы. Балабақшамызда жаңа оқу жылына дайындықты тәрбиешілер топтардан бастады. Жаңа оқу жылына заттық дамытушы орталықтарын ұйымдастырды. Биылғы жаңа оқу бағдарламасында балаларға кітап бұрышын ұйымдастыру. Ол жерде балалардың сүйікті ертегі кітаптары, әр түрлі сюжетті суреттер, балалар ол суреттерімен өз беттерінше әңгіме құрастырып айтуға болады. Жәнеде ата-аналарымыз ертегі кітаптарды алып кетіп үйлерінде балаларына оқып беріп қайта әкелуге болад. Сыртта балалардың ойын алаңдарын балалар қызығып ойнайтындай етіп түрлі түсті бояулармен сырлап

жасалып қойылды. Барлық топтар жаңа оқу жылына дайын десекте болады деді балабақша әдіскері.

Шешім:

1. Педагогикалық кеңес хатшысы жұмысын тәрбиешісі Серікбай Ажарға жүктелсін.
2. 3.Қ.Р Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 3 тамызындағы №348 бұйрығына 1-қосымша стандарт талптарына сай жұмыс жүргізілсін.
3. Жас мамандарға тәлімгерлікке әдіскер Л.Кулебековаға жүктелсін

Төрайымы:

Хатшы:



Дүйсембек Фәрида Әкімқызы

Кулбекова Лаззат Абдижапбаровна

ХАТТАМА 2

Жетісай қаласы

21.11.2022ж

Педагогикалық кеңес жөніндегі комиссияның отырысы

Төрайымы – Дүйсембек Фарида Әкімқызы

Хатшы – Серікбай Ажар Абибуллақызы

Қатысқандар: 14 адам (тізім қоса беріліп отыр)

Тақырыбы: «Біз сөйлеуді дамытамыз-біз ақыл-ойды арттырамыз!»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңес қаулысының орнындалуы туралы
2. Тақырыптық бақылау талдамалық анықтама (ортаңғы топ)
3. «Бала тілін дамытуда көркем әдеби шығармалардың алатын орны» Баяндама
4. Балабақшадағы заттық-кеңістікті дамытушы ортаны ұйымдастыру (ой бөлісу)
5. Ашық оқу іс-әрекеттерін талқылау.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Ф.Дүйсембек сөз алып: өткен педкеңестің шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. Оқу іс –әрекеттері кестеге сай жұмыс жасап жатыр. Балалардың денсаулығын нығайту, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шаралары барлық қызметкерлер мен педагогтар өз жұмыстарын жауапкершілікпен қарағанның барысында дұрыс орындалуда. Педагогтар күнделікті қызметке, өз жұмыстарын қызығушылық пен жоғары көңіл-күйде атқаруда. Жас мамандарға әдістемелік көмек беріліп жатыр.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ф.Дүйсембек сөз алды: «Балалардың ауызекі байланыстырып сөйлеуі, үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды игеруі» тақырыбында тақырыптық бақылау жүргізілді. Тақырыпты бақылауда балалардың сөздік қорын ойындармен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Ауызекі сөйлеуде балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді қолдану дағдылары қалыптасқан. Тәрбиешінің көрнекіліктері жеткілікті. Ұсыныс: Балаларға сөздік қорларын көбейту үшін ертегі кейіпкерлерін өздеріне ойнату керек, сонда баланың бір бірімен диалогты сөйлеу дағдылары қалыптасады. (ортаңғы топ)

3. Үшінші мәселе бойынша «Бала тілін дамытуда көркем әдеби шығарманың алатын орны» тақырыбындағы баяндамамен балабақша тәрбиешісі Ш.Айтходжаева таныстырып өтті.

(Жазбаша түрі бар)

4.Төртінші мәселе бойынша меңгеруші балабақшадағы заттық-кеңістікті дамытушы ортаны ұйымдастыру жайлы айтып өтті. Заттық-кеңістікті дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін қызығушылығын ескеруіміз қажет. Заттық-кеңістікті дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі, тартымды.Тәрбиеші: Заттық дамытушы ортада негізгі әрекет ретінде ойын жетекшісі баланың рөлі болу керек. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық дамытушы орта ерекше орын алады.

4. Ашық оқу іс-әрекеттер : «Менің Отаным –Қазақстан!»-ән-жетекшісі Тукеева Г, «Менің Отаным –Тәуелсіздік Қазақстаным» -Айбатырова С. «Қазақстан-байтақ елім»-Тыныштық Г, «Шынықсаң шымыр боласың»-Байғозиева А. Барлық топтар өздерінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жаңашыл әдіс тәсілдермен өткізді. Ойындармен басталды. Ұжымдық жұмыстар жасалды Балалар еркін болды.Көрнекіліктер жеткілікті.

Шешім:

- 1.Тәрбиешілер оқу кестеге сай жұмыс жасасын.
- 2.«Бала тілін дамытуда көркем әдеби шығарманың алатын орны» баяндамадағы әдіс тәсілдер оқу іс әрекетінде қолданылсын.
- 3.Заттық-кеңістікті дамытушы ортаны дамытуды қолға алсын.



Төрайымы:

Дүйсембек Фәрида Әкімқызы

Хатшы:

Серікбай Ажар Абиболлақызы